

## ҚазҰУ – әлем университеттері рейтингінде

Әл - Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті QS WUR халықаралық рейтингіде тағы да жоғары нәтижелерге қол жеткізіп, өз атын асқақтата түсті. Әлем университеттері рейтингісі барысында QS WUR халықаралық университет Top-200 ішінде 25 позицияға көтеріліп, 175 позицияда бой көрсеткен болатын. Қазіргі таңда Әл - Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті QS WUR халықаралық рейтингіде 150 орынға көтерілді [www.kaznu.kz](http://www.kaznu.kz) Бұл дегеніміз университетіміздің қарқынды жұмыс істеп келе жатқандығының белгісі. Осылайша, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Қазақстанның жоғары оқу орындары арасында ғана емес, бүкіл Орталық Азия мен ТМД елдерінде өзінің көшбасшылық ұстанымын тағы да дәлелдеді. ҚазҰУ-дың елеулі прогреске қол жеткізуі әлемдік деңгейдегі зерттеу университетіне айналуының нәтижесі, сондай-ақ басшылықтың, оқытушылардың, ғалымдар мен білім алушылардың серпінді жұмысының нәтижесі. Бұл біздің университетіміздің халықаралық аренада жоғары бәсекеге қабілетті екенін аңғарады. 2022 жылғы 8 маусымда QS WUR рейтингіне әлемнің түпкір түпкірінен 2462 жоғары оқу орындары қатысқаны белгілі, осы іріктеуден тек қана 1422-ге жуық ең мықты университеттер таңдалды. Quacquarelli Symonds World University Rankings (QS WUR) жаһандық рейтингінің нәтижелері анықталып, ең мықты университеттердің тізімінде көш бастап тұрған қасиетті қара шаңырағымыз Әл - Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін көру бір бақыт. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне QS рейтингтік сертификатын тапсыру рәсімі

университет кітапханасында жалғасын тапты, ҚазҰУ басқарма төрағасы-ректоры Жансейіт Түймебаевқа ТМД және Орталық Азия елдеріне арналған QS рейтингтік агенттігінің өңірлік директоры Сергей Кристолюбов марапатты табыс етті. Сергей Кристолюбов ҚазҰУ-



дың соңғы жылдардағы жетістіктерін атап өтіп, QS жаһандық рейтингіндегі талаптарға тоқталды. “Биыл әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті көптеген талаптар бойынша өз көрсеткіштерін айтарлықтай жақсартты. Халықаралық рейтингте 150-ші орынға ие болу-бұл керемет көрсеткіш және жетістік. Мен ҚазҰУ оқытушылар құрамына, ғалымдарға және бүкіл командаға үлкен үлес қосқаны үшін алғыс айтқым келеді” -деп университетіміздің болашақта әлі талай биік шыңдарды бағындыратынын тілге тиек етті. Міне ендігі жерде QS WUR халықаралық рейтингісі барысында 150 орыннан 100 орынды қанжығалауды да мақсат ету керек.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аға оқытушылары: Саткенова Ж.Б., Сандықбаева Ө.Д., Исаева Н.Т.

## Шетелдіктерге Отан тарихын оқытудың ерекшеліктері

Қазақстан тарихын оқыту, оның мазмұны, әдістемесі, мерзім мөлшері егемендік жылдарында әжептәуір өзгерді. Отаршылдық мәжбүрлеген концепция түгелімен өзгерді. Архивтерден табылған тың деректер қазақ тарихын жаңаша топшылауға жол ашты. Жаңа зерттеу еңбектері жарық көрді. Шығыс ғалымдарымен орнаған екі жақты шығармашылық, ғылыми байланыстар тарихтағы ақтандақтардың орнын шынайы мәліметтермен толықтыруға септігін тигізді. Осының бәрі қазіргі тарих ғылымына, оны оқыту, зерттеу жолдарына жаңаша талаптар қойып отыр.

Бүгінгі күні ұлттық тарихты оқып-үйрену жалпыхалықтық бірлікті қалыптастырудың, халықтың тарихи жадын қалпына келтіріп, терендетудің, ұлттық сана-сезімді қалыптастырудың, азаматтық пен патриотизмді тәрбиелеудің басты факторларының бірі болып табылады.

Жас ұрпақ біздің болашағымыз, сондықтан оларға кәсіби білім берумен қатар өз мамандығын сүйеге, қызығушылығын арттыруға жол ашатын саясаттар қолға алыну керек. Осы ретте әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің <https://www.kaznu.kz> Жоғарғы оқу орнына дейінгі білім беру факультеті Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасы шетел тыңдаушыларына, соның ішінде шетелден келген қандастарымызға білім және тәрбие беруде жоғары нәтижеге ие екендігін айта кетуімізге болады. Тыңдаушыларға Қазақстан тарихын оқытуда негізгі этностың менталитетімен, ерекшеліктерімен, мәдени өзгешеліктерімен және дәстүрлерімен қатар, ежелден бастап қазірге дейін осы аумақты мекендеуші халықтардың әлеуметтік-мәдени өзара әрекеттерін, синкреттік бірлігін көрсету арқылы түсіндіріледі. Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігінің «Білім беру мен тестілеудің мемлекеттік стандарттарының ұлттық орталығы» РМҚМ ұлттық бірінші тестілеуге (ҰБТ) дайындау мүмкіндігін қарастыра отырып, шетелден келген қазақ диаспора өкілдерінің тарих пәнін оқымауына байланысты адамзат тарихының жалпы заңдылықтары, ортақ мәселелері, ұқсас, мазмұндас түбірлері ескеріліп отырады.

Қазіргі кезде шетел тыңдаушылары мен шетелден келген қандастарымызға Отан тарихын оқытудың жаңа технологияларын қолдану әдісі білім беруде де, тәрбие беруде де өте тиімді деп айтуымызға болады. Тыңдаушыларға тарихи терминдерді, деректерді, кестелерді, тірек-сызбалар мен тақырыптарға қатысты суреттерді проектор арқылы слайдтармен көрсету арқылы түсіндіру оқытушы мен тыңдаушының уақытын үнемдейтіндігі белгілі. Сонымен қатар тыңдаушыға түсіну оңайға соғады және ой-өрісінің кеңеюіне, тұлға ретінде қалыптасуына зор ықпалын тигізеді. Кез-келген пәнді оқыту барысында тыңдаушыға тәрбие жұмысы қатар жүретіндігі бізге мәлім.

Үй тапсырмасын сұрау барысында да тыңдаушыға дәптерден қарап оқып беру немесе дәріс кезінде жазылған тақырыппен ғана шектеліп қалмай ізденіске үйрету біздің мақсатымыз. Осы орайда тыңдаушының сөйлеу қабілетін арттыру үшін үй тапсырмасын тақтаға шығып, өзін емін-еркін саралауға, бойын түзеп, өзін дәріскер ретінде сезінуіне мүмкіндік беру. Бұл елім, жерім деп келген қандас бауырларымыздың өз елінде еңсесін тік көтеріп жүруге тәрбиелейді. Сабақты пікір-талас арқылы жүргізу де тыңдаушының өз ойын еркін саралауына мүмкіндік береді. Сабақ түсіндіру барысында компьютерлік технологияларды пайдалану арқылы ойындар жүргізу, деңгейлік тапсырмалар орындату, слайдтардағы кесте және тірек-сызбаларын қолдану тыңдаушының жан-жақты болуына мүмкіндік туғызады. Осындай технологияларды сабақтарда үздіксіз пайдаланып, оны жаңа әдістермен үнемі толықтырып отыру оқытушының шеберлігі.

Қорыта келсек, тарих пәнін түсіндіруде заманауи жаңа технологияларды қолдану – оқытушыға сабақты жоғары сапада өткізуге пайдалы және тыңдаушының түсінігіне орасан зор әсерін тигізіп, білім сапасын жоғары деңгейде көтереді. Сонымен қатар тыңдаушыларды оқуға ынталандыруға, олардың үлгерімі мен қызығушылығына ықпал етеді. Сондықтан да осындай түрлі әдістерді сабақта қолдану тыңдаушының тәрбиесіне де жақсы ықпал етеді деген ойдамыз.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті  
Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының  
оқытушылары Ибрагимов М.Н., Сандықбаева У.Д., Мажикқызы Н.

Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының тарихы 1985 жылдан бері әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде <https://www.kaznu.kz> жұмыс жасап келе жатқан Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің тарихының бір бөлігі болып табылады. Кафедрамызда шетелден келген қандастарымызға білім беріп қана қоймай тәрбие жұмыстарын қатар алып жүреді. Өйткені тәрбие жұмыстары оқу үдерісінің ажырамас бір бөлігі. Тәрбие жұмысының негізгі мақсаты – шетелдік тыңдаушыларды жаңа ортаға бейімдеу, біздің елдің өткені мен қазіргі қалпын көрсету арқылы тарихымен, мәдениетімен таныстыру. Оқу үдерісінде, күнделікті тұрмыста кездесетін

## БОЛАШАҚҚА БАҒЫТ БЕРЕТІН БІЛІМ ОРДАСЫ

кез-келген мәселелерді шешуде оларға куратор-эдвайзерлер жол көрсетеді. Осы бағытта оқу жылының алғашқы аптасында жылдық тәрбие жұмысының жоспары жасалынып, сол бойынша жұмыстар атқарылады. Атап айтқанда:

- Оқу жүйесімен, жатақхананың ішкі ережелерімен таныстыру;
- Түрлі ортада өзін қалай ұстау керектігі жайлы әңгіме өткізу;
- Шетелдік азаматтардың Қазақстан Республикасында тұру ережелері;
- Жеке бас тазалығы мен денсаулық күтімі;
- Жол жүру ережелерімен таныстыру;
- Табиғатты қорғау, қоршаған ортаны аялау сияқты тақырыптарда әңгімесағаттарын өткізу;

Бұл жұмыстармен қатар факультетте тыңдаушыларды қала өмірімен, республиканың өткені мен бүгінгі күнгі тарихымен кең ауқымды таныстыру жұмыстары жүргізіледі. Осы орайда оларды қаланың көрікті жерлерін аралатумен қатар ел тарихынан мол мағлұматтар беретін мұражайларға, тарихи орындар мен театр қойылымдарына алып бару қарастырылған.

Факультет тыңдаушылары арасында айына бір рет кең көлемдегі тәрбиелік мәдени шаралар өткізіледі. Республикалық айтулы мерекелік күндер де факультет ұжымының тарапынан тыс қалмайды. "Қазақстанға қош келдің!", "Тәуелсіз елім - кең байтақ жерім!", "Желтоқсан жаңғырықтары", "Наурыз мейрамы" т.б. шаралар - осының айғағы. Кафедра әр түрлі тәрбиелік мәні бар жобалар аясында іс-шаралар өткізіп тұрады. Оларға мынадай жобалар жатады: «100 кітап», «Айналаңды нұрландыр», «Дені саудың жаны сау», «Гринкампус». Жақында ғана жаңа оқу жылының «Гринкампус» жобасы аясында «Қала тазалығы үшін ат салысайық» атты іс-шарамен бастадық. 21.10.2022 жылы Республика күніне кафедрамыз «Атамекенге қош келдің!» атты мерекелік іс-шарасын өткізді. Тәрбие жұмыстарының, клуб пен үйірмелердің барлығының ортақ мақсаты-тыңдаушыларды бір жыл ішінде өз қызығушылықтары бойынша жаңа ортаға бейімдеп тәрбие бағыт –бағдар беру.

Кафедра тыңдаушылары жыл сайынғы өткізілетін халықаралық, республикалық деңгейдегі конференциялар мен жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінде өтетін конкурстарға белсенді түрде қатысады. Сонымен қатар әр түрлі клубтар мен үйірмелердің мүшелері болып табылады. Жоғарғы оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасы шетел тыңдаушыларына, соның ішінде шетелден келген қандастарымызға білім және тәрбие беруде жоғары нәтижеге ие екендігін айта кетуімізге болады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті  
Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының  
оқытушылары Ибрагимов М.Н., Мужигова Г.М., Габитова В.А.

## 25 ҚАЗАН- РЕСПУБЛИКА КҮНІ

Он жылдан астам уақыт бойы ұмыт қалған Республика күні қайта оралды. Республика күні жалпы халық, қазақстандықтар үшін өте маңызды деп есептейміз. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің <https://www.kaznu.kz> ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетіне келіп білім алып жатқан қандастар да ат салысып әр-түрлі мәдени шаралар ұйымдастырды. Бұл – біз тәуелсіздігімізді аңсаған күн. Алаш зиялылары ғасырлар бойы осы идея үшін, бостандық, егемендік үшін басын құрбандыққа тіккен. Республика күні 13 жылдан бері тойланбай, қайта жаңғырып жатқан мерекеміз. Оған біз қуаныштымыз. Бұл – халықтың еңсесі көтеріліп, бөрігін аспанға атқан күн. Егемендігіміз туралы декларацияға қол қойылған күн. Шындап келгенде айтулы дата. Оны біз ұмытпауымыз керек. Егемендікті қай күні алғанымызды өскелең ұрпақ білуі керек. Қандай сатылардан өттік?

Міне, сол үшін де Республика күнін атап өту маңызды. Кейбір адамдар мұны тұңғыш президент күнінің алынып тасталуына байланысты мерекелерді жай алмастыру деп қабылдауы мүмкін. Алайда мұның астарына үңілсек, ар жағында жұмбақ сыр жатыр. Бұл күн елімізге көбірек еркіндік әкеледі. Осыған дейін билік пен халық арасында кері байланыс болмай, азаматтар үкімет шешімдерінен шет қалып, жігерлік пен бірліктің жетіспеушілігінен біраз дүниені тек сырттай бақылап келсе, енді келешекте бәрі өзгереді. Қайта жаңғырған ұлттық мейрам өткеннің олқылығын толтырады. Қазақстандықтарды еркіндікке жетелейді. Адамдардың құқықтары мен әлеуметтік жағдайын жақсартуға тигізетін септігі өте көп. Республика күні бұдан былай тәуелсіздік алуға зор үлес қосқан ұлттық батырларымызға тағзым күні ретінде де белгіленген күн. Республика күні халықтық мереке. Бұл күні елде мерекелік көңіл-күй орнап, ән-күй ойнап халық шад-шадыман күйде жүред. Қазақстанның өзге елдермен терезесі теңесіп, шекарасы анықталып, өзіндік туы мен әнұраны бар жеке дара ел болып әлем картасында орын алды. Бұл бұрынғы ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы армандаған азаттың таңы.

Айрықша маңызға ие бұл күнді еліне жеріне деген құрметі бар әрбір ұрпақ ерекше бағалауы керек деп есептейміз. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің <https://www.kaznu.kz> ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетіне келіп білім алып жатқан қандастарымызға осы атаулы мерекені ұлықтау ұстаздық парызымыз деп білеміз. Елімізде мәңгі тыныштық болсын! Сүйікті Отанымыз Азат Қазақстан мәңгі жайнай берсін, жарқырай берсін!

әл Фараби атындағы ҚазҰУ-нің, ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің оқытушылары:  
А.М.Какенова, М.Ш.Тойғанбекова, С.Р. Нұртілеуова